



Өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 шілдеде № 11739 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес аса қауіпті зиянды организмдер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Ауыл шаруашылығы министрі	А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 30 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

_____ Н. Әбікаев

2015 жылғы 24 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 22 маусым

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығына 1-қосымша
--

Өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесі

№ р/ с	Мемлекеттік тілдегі атауы	Латын тіліндегі атауы
1.	Қазақстан Республикасының аумағында жоқ, карантиндік маңызы бар, өсімдіктер зиянкестері, ауруларының қоздырғыштары және арамшөптер	

1.1. Өсімдіктер зиянкестері

1	Азиялық сүген	<i>Anoplophora glabripennis</i> (Motschulsky)
2	Азиялық көп қоректі дән қоңызы	<i>Callosobruchus analis</i> F.
3	Азиялық мақта көбелегі	<i>Spodoptera litura</i> (Fabricius)
4	Ақ жиекті қоңыз	<i>Pantomorus leucoloma</i> Boheman
5	Ақ ұнтақты шығыс құрты	<i>Pseudococcus citriculus</i> Green
6	Алма шыбыны	<i>Rhagoletis pomonella</i> Walsh
7	Алманың зер қоңызы	<i>Agrilus mali</i> Mats
8	Алмұрт қан көбелегі	<i>Numonia pyrivorella</i> (Matsumura)
9	Андылық картоп бізтұмсығы	<i>Premnotrypes</i> spp.
10	Апельсин қалқаншалы сымыры	<i>Unaspis citri</i> Comst.
11	Беденің америкалық үңгі шыбыны	<i>Liriomyza trifolii</i> Burg et Comst. Or (Burgess)
12	Гүлдің (калифорниялық) батыс трипсі	<i>Frankliniella occidentalis</i> Pergande
13	Жапон қоңызы	<i>Popillia japonica</i> Newman
14	Жапондық балауызды жалған қалқаншалы сымыр	<i>Ceroplastes japonicus</i> Green
15	Жапырақтың оңтүстік америкалық үңгі шыбыны	<i>Liriomyza huidobrensis</i> Blanchard
16	Жеміс бізтұмсығы	<i>Conotrachelus nenuphar</i> (Herbst)
17	Жерорта теңізінің жеміс шыбыны	<i>Ceratitidis capitata</i> (Wiedemann)
18	Жүгерінің (диабротика) батыс қоңызы	<i>Diabrotica virgifera virgifera</i> Le Conte
19	Жүзім филлоксерасы	<i>Viteus vitifoliae</i> Fitch.
20	Инжірдің балауызды жалған қалқаншалы сымыры	<i>Ceroplastes rusci</i> (Linnaeus)
21	Қарағайлық қара сүген	<i>Monochamus galloprovincialis</i> (Olivier)
22	Капр қоңызы	<i>Trogoderma granarium</i> Everts
23	Картоптың түйнек бүрге-қоңызы	<i>Epitrix tuberis</i> Gentner
24	Картоптың бүрге-қоңызы	<i>Epitrix cucumeris</i> Harris
25	Картоп күйесі	<i>Phthorimaea operculella</i> (Zeller)
26	Кылтаң жапырақтылардың қара мұртты (немесе сүген) қоңызы	<i>Monochamus saltuarius</i> Gebler
27	Қызанақтың жапырақ үңгі шыбыны	<i>Liriomyza sativae</i> Blanchard
28	Қытайлық дән қоңызы	<i>Callosobruchus chinensis</i> L.
29	Мақта күйесі	<i>Pectinophora gossypiella</i> (Saunders)

30	Мақтаның мысырлық көбелегі	<i>Spodoptera littoralis</i> (Boisduval)
31	Мандариннің үлкен шыбыны	<i>Tetradacus citri</i> Chen.
32	Пальма трипси	<i>Thrips palmi</i> Karny
33	Сібір жібек көбелегі	<i>Dendrolimus sibiricus</i> Chetverikov
34	Таяқша тәріздес жапондық қалқаншалы сымыр	<i>Lopholeucaspis (leucaspis) japonica</i> (Cockerell)
35	Темекі аққанаты	<i>Bemisia tabaci</i> Gennadius
36	Төрт нүктелі дән қоңызы	<i>Callosobruchus maculatus</i> F.
37	Тұт ағашының қалқаншалы сымыры	<i>Pseudauleucaspis pentagona</i> (Targioni-Tozzetti)
38	Үнділік үрме бұршақтың дән қоңызы	<i>Callosobruchus phaseoli</i> Gyll.
39	Цитрустық шығыс қалқаншалы сымыры	<i>Unaspis yanonensis</i> Kuw.
40	Цитрус аққанаты	<i>Dialeurodes citri</i> Riley
41	Цитрустың үңгі күйе көбелегі	<i>Phyllocnistis citrella</i> Stainton
42	Цитрустың ақұнтақты сымыры	<i>Pseudococcus gahani</i> Green
43	Шабдалының жеміс жемірі	<i>Carposina niponensis</i> Wlsingham
44	Шыршаның кіші қара мұртты (немесе сүген) қоңызы	<i>Monochamus sutor</i> Linnaeus
45	Шыршаның үлкен тін жегіші	<i>Dendroctonus micans</i> (Kugelann)
46	Шыршаның үлкен қара мұртты (немесе сүген) қоңызы	<i>Monochamus urussovii</i> (Fischer v. Waldheim)

1.2. Өсімдіктер ауруларының қоздырғыштары

Саңырауқұлақты

47	Бидайдың үнділік (карнал) қара күйесі	<i>Tilletia indica</i> Mitra
48	Еменнің жүйке-талшық микозы	<i>Ceratocystis fagacearum</i> (Bretz.) Hunt.
49	Жүгерінің диплоидиозы	<i>Diplodia macrospora</i> (Earle) Sutton
50	Жүгерінің диплоидиозы	<i>Diplodia frumenti</i> (Ellet Ev)
51	Жүгері жапырақтарының дағы (теңбілі)	<i>Cochliobolus carbonum</i> R. R. Nelson
52	Жүгерінің оңтүстік гельминтоспориозы Т расасы	<i>Cochliobolus heterostrophus</i> Drech rasa T. (<i>Helminthosporium maydis</i> Nisicado et Miyak.)
53	Қарағай діңгегінің және бұтағының ісігі	<i>Atropellis pinicola</i> Zeller & Goodding
54	Қарағай діңгегінің және бұтағының ісігі	<i>Atropellis piniphilla</i> (Weir.) Lohman & Cash

55	Картоптың (түйнектердің) қара күйесі	<i>Angiosorus solani</i> Thirum. et O, Brien
56	Картоп ісігі	<i>Synchytrium endobioticum</i> (Schilbersky) Percival
57	Күнбағыстың фомопсисі	<i>Phomopsis helianthi</i> Munt. Cvet. et al
58	Мақта антракнозы	<i>Glomerella gossypii</i> Edgerton
59	Таңқурай және бүлдіргеннің фитофторозды тамыр шірігі	<i>Phytophthora fragariae</i> Hickman.
60	Техастық тамыр шірігі	<i>Phymatotrichopsis omnivora</i> (Duggar) Hennebert
61	Хризантема аскохитозы	<i>Didymella chrysanthemi</i> (Tassi) Gar. et Gull.
62	Хризантема гүлінің ақ таты	<i>Puccinia horiana</i> P.Henn.
		Бактериялық
63	Сары шырышты бактериоз (масақтың сарғылт шіруі)	<i>Clavibacter tritici</i> (Carlson & Vidaver) Davis
64	Жеміс ағаштарының бактериялы күйігі	<i>Erwinia amylovora</i> (Burrill) Winston et al.
65	Жүгерінің бактериялы солуы (вилт)	<i>Erwinia stewartii</i> (Smith) Dye
66	Жүзімнің бактериялы солуы	<i>Xanthomonas ampelina</i> (Panagopoulos) Willems et al.
67	Картоптың бактериялы сақиналы шірігі	<i>Clavibacter michiganensis michiganensis</i> (Smith) Davis et al. <i>sepedonicus sepedonicum</i> (Spieckermann and Kotthoff) Davis et al.
68	Картоп түйнегінің қоңыр шірігі	<i>Ralstonia solanacearum</i> (Smith) Yabuuchi et al
69	Күріштің бактериялы жолақтануы	<i>Xanthomonas oryzae</i> pv. <i>oryzicola</i> (Fang et al) Swings et al
70	Күріштің бактериялы күйігі	<i>Xanthomonas oryzae</i> pv. <i>oryzae</i> (Ishiyama) Swings et al
		Фитоплазмалық және вирустық
71	Алхоры шаркасы (шешек)	Plum pox potyvirus
72	Жүзімнің алтын тәріздес сарғаюы	Grapevine flavescence doree phytoplasma
73	Картоптың андылық секпілді комовирусы	Andean potato mottle comovirus
74	Картоптың андылық латентті тимо-вирусы	Andean potato latent tymovirus
75	Картоп жапырағының сарғаюы	Potato yellowing alfamovirus
76	Картоптың Т вирусы	Potato T trichovirus
77	Кызыл шие жапырағын тілімдеуші неповирус	Cherry rasp leaf nepovirus
78	Шабдалының жасырын мозайкасы	Peach latent mosaic viroid

79	Шабдалының ұсақ жапрақтылық мозаикасы	Peach rosette mosaic nepovirus
		Нематодалық
80	Картоптың алтын түстес жұмырқұрты	Globodera rostochiensis (Wollenweber) Behrens
81	Картоптың бозғылт жұмырқұрты	Globodera pallida (Stone) Behrens
82	Карағай діңінің жұмырқұрты	Bursaphelenchus xylophilus (Steiner et Buhner)
83	Картоптың колумбиялық беріш жұмырқұрты	Meloidogyne chitwoodi Golden et al
		1.3. Арамшөптер
84	Калифорниялық күнбағыс	Helianthus californicus DC.
85	Каролин алқасы	Solanum carolinense L.
86	Кірпікті күнбағыс	Helianthus ciliaris DC.
87	Қолтықты аюбадана	Iva axillaris Pursh.
88	Масаты тектес шырмауық гүл	Ipomoea hederacea (L) Jacq.
89	Салалы жапырақты алқа	Solanum elaeagnifolium Cav.
90	Сирек гүлді ценхрус	Cenchrus pauciflorus Benth.
91	Стригалар (барлық түрлері)	Striga sp.sp
92	Үшбөлікті ойраншөп	Ambrosia trifida L.
93	Шұңқырлы шырмауық гүл	Ipomoea lacunosa L.
94	Түкті итошаған	Bidens pilosa L.
95	Үш гүлді алқа	Solanum triflorum Nutt.
		2. Қазақстан Республикасының аумағында шектеулі таралған карантинді объектілер
		2.1. Өсімдіктер зиянкестері
96	Америкалық ақ көбелек	Hyphantria cunea Drury.
97	Жемістің шығыс жемірі	Grapholita molesta (Busck)
98	Жұпсыз жібек көбелек	Lymantria dispar L. (asian race).
99	Калифорниялық қалқаншалы сымыр	Quadraspidiotus perniciosus Comst.
100	Комсток сымыры (құрты)	Pseudococcus comstocki Kuw.
101	Қауын шыбыны	Myiopardalis pardalina (Bigot)
		2.2. Арамшөптер
102	Арам сояулар	Cuscuta sp.sp
103	Жатаған (қызғылт) уекіпе	Acroptilon repens D.C.
104	Жусан жапрақты ойраншөп	Ambrosia artemisiifolia L.
105	Көп жылдық ойраншөп	Ambrosia psilostachya D.C.
106	Тікенекті алқа (мүкжидек тәріздес)	Solanum rostratum Dun.

		2.3. Бөтен текті түрлер
107	Ерекше жүгері қоңызы	<i>Diabrotica speciosa</i> Germer
108	Жақұтты қушық денелі шаған зер қоңызы	<i>Agrilus planipennis</i> Fairmaire
109	Жүгері тамырының батыс қоңыз	<i>Diabrotica virgifera</i> Le Conte
110	Онтүстік жүгері қоңызы	<i>Diabrotica undecimpunctata howardi</i> Barber
111	Солтүстік жүгері қоңызы	<i>Diabrotica barberi</i> Smith & Lawrence

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрінің 2015 жылғы 30
 наурыздағы № 4-4/282
 бұйрығына
 2-қосымша

Аса қауіпті зиянды организмдер тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.05.2016 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өсімдіктер зиянкестері:

- 1) үйірлі шегіртке тектестер (азиялық, мароккалық және итальяндық прус);
- 2) зиянды бақашық;
- 3) астықтың сұр көбелегі;
- 4) гессен шыбыны;
- 5) астық қоңыздары;
- 6) мақта көбелегі;
- 7) өрмекші кене;
- 8) саршұнақтар;
- 9) тышқан тәрізді кеміргіштер;
- 10) колорадо қоңызы.

2. Дәнді дақылдардың аурулары (тат ауруы, септориоз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК